

# ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕКТЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫ

Смағұлова Г.Қ.

ҚР ЭТРМ ОШЖДК «Ботаника және фитоинтродукция институты» ШЖҚ РМК,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы  
e-mail:smagulova.g11@mail.ru

**Аннотация.** Мақалада Орал қаласының рекреациялық аймақтарының жасыл желектерін түгендеп есепке ала отырып, олардың сандық сапалық бағалау нәтижесі берілген. Қала территориясында таралған рекреациялық аймақтардағы түрлік құрамы, жағдайы, орналасу жиілігі зерттелген. Зерттеу нәтижесінде қала жасыл желектері тіршілік формасы бойынша 25%-ы бұталар 75%-ы ағаштар екендігі анықталды.

Орал қаласының ауданы облыстың орталық бөлігінің солтүстігін алып жатыр, ол Орал өзенінің оң жағалауында Зеленов ауданымен, сол жағалауында Теректі ауданымен шектеседі. Оңтүстігінде Жайық өзенінің оң жағалауындағы өзен жайылымында солтүстік-батысқа қарай Кожевников кентімен сол жағалаудағы өзен жайылмасына дейінгі аралықтағы Круглоозерное мен Серебряково кенттерінің территориялары кіреді. Бұл аумақтар Батыс Қазақстан облысының орталығы – Орал қаласына жатады (сурет 1).



Сурет 1 – Орал қаласының географиялық орны


Қаланы көгалдандыру жұмыстары қалада гүлзарлар мен клумбаларға отырғызуға арналған материалдар өсірілген Кирова саябағының жанында орналасқан питомниктен бастау алды. Кейіннен 1959-60 жылдары қала көшелерінде әсем, түрлі-түсті гүлдер Оралды әсемдей бастады. Н.Г.Чесноков «Оралға 350 жыл» кітабында 1962 жылы қалаға 125 мың ағаштар мен бұталар отырғызылғанын жазған: «енді қала тұрғындарына бос уақытта демалуға 190 га-ны құрайтын 12 парк пен бақ бар». 60-жылдардың ортасында қала территориясында 270 мыңға жуық сұраекті өсімдіктер отырғызылды.

Ал қазіргі кезде қала аумағы бойынша парктер мен скверлердің көлемі 96,9 га құрайды, бұл қаланың 0,5 %-ын алады. Оның ішінде ең үлкен рекреациялық аймақ ретінде 23,9 га-ды қалалық мәдениет және демалыс саябағы құрайды (Орал қаласының саябақтары мен скверлері – *интернет ресурс*).

Қаланың тарихи шекарасынан тыс кеңеюі, ағаштардың бақылаусыз кесілуі және пайдаланылған газдар мен өндіріс қалдықтарының көбеюінен ауа сапасының нашарлауы экология мен қоршаған ортаға кері әсерін тигізуде. Өсімдіктер ауаны оттегімен байытады, тазартады, шуды азайтады және аймақтың микроклиматына әсер етеді.

Қаладағы жасыл желектер рекреациялық және сәндік-көркемдік функциялардан басқа, көліктердің пайдаланылған газдарын және өнеркәсіптік кәсіпорындардың зиянды шығарындыларын сіңіретін сүзгі қызметін атқарады. Сондықтан олардың жағдайын

бақылап, жоспарлы мониторинг жүргізіп, жаңа өсімдіктер отырғызып, барлық жасыл алқаптарды күтіп ұстау аса маңызды болып табылады (сурет 2) (Курбатова А.С., 2006).



Сурет 2 – Қала аумағындағы жасыл-желектерді жіктеу схемасы

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауы бойынша «**VII. Экология және биологиялық әркелкілікті қорғау**» бөлімінде қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму мәселелері кеңінен ашылды. Алдағы 5 жыл ішінде орман алқаптарына 2 млрд, ал елді мекендерге 15 млн ағаш отырғызу қолға алынды. Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғат байлықтарын заңдық және нормативтік тұрғыдан қорғап, бұл салада құқық бұзған азаматтарды қылмыстық және әкімшілік жауапқа тарту тәртібін қатайту керектігі айқындалды.

2021 жылы қараша айында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел аумағын көгалдандыру мақсатында 2030 жылға дейін 2 млрд түп ағаш отырғызу тапсырмасын жүктеді, қазір таңда Батыс Қазақстан облысы бойынша көгалдандыру жұмыстарын жүргізу жолға қойылды (Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты – *интернет ресурс*).


Зерттеу жұмысын жүргізу барысында жасыл желектердің түрін анықтауда «Определитель высших растений Европейской части СССР», «Определитель деревьев и кустарников Западного Казахстана» (Иванов, 1949) анықтамалық құралдары қолданылды. Сонымен бірге, Орал қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Мәдениет және демалыс саябақтары мен скверлер дирекциясы» МКК әкімшілігінен алынған материалдар қолданылды. Түгендеу жұмыстарын жүргізу үшін «ҚР қалалары мен елді мекендеріндегі жасыл желектерге түгендеу жүргізу» әдістемелік құралы пайдаланылды (Сарсекова, 2006). Әдістемеге сай, жасыл желектердің нөмірі, отырғызу формасы, тіршілік формасы, өсімдік түрі, өсімдік діңінің диаметрі, биіктігі, жасы, жағдайы, ұсыныстар анықталды. Рекреациялық аймақтар территориясы бойынша бірнеше секторлар бойынша реттік нөмірге жіктелді. Әр сектор бойынша жасыл желектерге реттік нөмір беріле отырып, олардың жағдайы бойынша сипаттама жасалды. Өсімдіктерді алдымен сүректі өсімдіктердің жағдайы талданып, баға беріліп ақпараттар жинақталып, екінші кезеңде кесте түріндегі базаға жинақталды.

Орал қалалық М. Мәметова сквері, А.С. Пушкин сквері, Ә. Молдағұлова сквері, Н. Савичев сквері, Ж. Молдағалев сквері аймақтары бойынша сүректі өсімдіктердің төмендегідей түрлер анықталды (кесте 1)

Кесте 1 – Орал қаласы рекреациялық аймақтары жасыл желектернің таксономиялық құрамы

№	Өсімдік атауы	Тұқымдас	Туыс	Түр
1	2	3	4	5
Pinophyta				
1	Кәдімгі қарағай	<i>Pinaceae</i>	<i>Pinaceae</i>	<i>Pinus sylvestris</i> L.
2	Кәдімгі шырша	<i>Pinaceae</i>	<i>Picea</i>	<i>Picea abies</i> L.
3	Кәдімгі арша	<i>Cupressaceae</i>	<i>Juniperus</i>	<i>Juniperus communis</i> L.
Magnoliophyta				
4	Қотыр қайың	Betulaceae	<i>Betula</i>	<i>Betula pendula</i> Roth.
5	Ақ акация	Fabaceae	<i>Robinia</i>	<i>Robinia pseudoacacia</i> L.
6	Өзекті жөке	Malvaceae	<i>Tilia</i>	<i>Tilia cordata</i> Mill.
7	Кәдімгі шаған	Oleaceae	<i>Fraxinus</i>	<i>Fraxinus americana</i> L.
8	Кәдімгі сирень	Oleaceae	<i>Syringa</i>	<i>Syringa vulgaris</i> L.
9	Кәдімгі шетен	Rosaceae	<i>Sorbus</i>	<i>Sorbus aucuparia</i> L.
10	Итмұрын раушан	Rosaceae	<i>Rosa</i>	<i>Rosa canina</i> L.
11	Қандағаш жаырақты ирга	Rosaceae	<i>Amelanchier</i>	<i>Amelanchier alnifolia</i> (Nutt.) Nutt. ex M.Roem.
12	Черёмуха обыкновенная	Rosaceae	<i>Prunus</i>	<i>Prunus padus</i> L.
13	Кәдімгі долана	Rosaceae	<i>Crataegus</i>	<i>Crataegus laevigata</i> (Poir.) DC.
14	Жылтыр ырғай	Rosaceae	<i>Cotoneaster</i>	<i>Cotoneaster acutifolius</i> Turcz.
15	Қаратерек	Salicaceae	<i>Populus</i>	<i>Populus nigra</i> L.
16	Мырзатерек	Salicaceae	<i>Populus</i>	<i>Populus italica</i> (Du Roi) Moench
17	Ақтерек	Salicaceae	<i>Populus</i>	<i>Populus alba</i> L.
18	Ақгал	Salicaceae	<i>Salix</i>	<i>Salix alba</i> L.
19	Кәдімгі аткаштан	Sapindaceae	<i>Aesculus</i>	<i>Aesculus hippocastanum</i> L.
20	Америка үйеңкісі	Sapindaceae	<i>Acer</i>	<i>Acer negundo</i> L.
21	Шынартүсті үйеңкі	Sapindaceae	<i>Acer</i>	<i>Acer platanoides</i> L.
	Татар үйеңкісі	Sapindaceae	<i>Acer</i>	<i>Acer tataricum</i> L.
22	Қызыл жыңғыл	Tamaricaceae	<i>Tamarix</i>	<i>Tamarix ramosissima</i> Ledeb.
23	Жылтыр қарағаш	Ulmaceae	<i>Ulmus</i>	<i>Ulmus laevis</i> Pall.
24	Бұтақты қарағаш	Ulmaceae	<i>Ulmus</i>	<i>Ulmus pumila</i> L.

Зерттеу жұмысы жүргізілген рекреациялық аумақтардағы сүректі өсімдіктердің тіршілік формасы бойынша төмендегідей ажыратылды (сурет 3):



Сурет 3 – Зерттеу аймақтары бойынша жасыл желектердің тіршілік формасының айыздық көрсеткіші

Рекреациялық аймақтар бойынша жалпы сүректі өсімдіктердің саны 826-ны құрайды, оның 75%-ы ағаштар болса, 25%-ы бұталар. Ағаштар ішінде *Ulmus pumila* L., *Populus nigra* L., *Acer negundo* L., *Picea abies* L. және т.б. жиі кездесе, бұталар ішінде *Amelanchier alnifolia* (Nutt.) Nutt. ex M. Roem., *Prunus padus* L., *Cotoneaster acutifolius* Turcz. және т.б. түрлер жиі кездесетіні анықталды.

Жасыл желектердің жағдайы төмендегі критерий негізінде анықталды: I – әлсіреу белгілері жоқ (бөрік басы қалың, жапырақтары жасыл, зақымданбаған); II – әлсіреген (бөрік басы сирек, жапырақтары ерте түскен және 25%-ы зиянкестермен зақымданған, бұталары құрғақ); III – қатты әлсіреген (бөрік басы өте сирек, жапырақтарының көлемі кіші, ерте сарғайып түседі, жылдық өсім өте төмен немесе мүлде жоқ, бөрік басының 2/3 бөлігі құрғақ, діңі зақымданған 2/3 бөлігі зақымданған, ағаш діңінен шырыш ағуы); IV – кеуіп кеткендер (бөрік басының 2/3 бөлігі құрғақ, діңінің 2/3 бөлігі зақымданған, діңінде зиянкестердің болуы); V – жаңа қураған (жапырақтары құрғақ немесе түсіп қалған, дің қабығының кейбір бөлігінің түсуі, зиянкестердің қоныстануы); VI – ескі қураған (жапырақтары жоқ, діңі және майда бұталары кеуіп, түсіп қалған, діңінің астында зиянкестердің қалдықтары). Жүргізілген жұмыстар негізінде ағаштарда қуыстардың кездесетіндігі, сонымен бірге шырыш ағу байқалған (сурет 4).



Сурет 4 – Сүректі өсімдіктерде байқалған қуыс және шырыш ағу

Ағаш діңіндегі қуыстар жеке түрлер бойынша қарағанда *Ulmus pumila* – 15%, *Crataegus laevigata* – 8%, *Acer negundo* – 7% кездесті. Шырыш ағу *Fraxinus americana* – 13%,

*Ulmus pumila* – 10%, *Acer negundo* – 8% байқалды. Бұл жалпы есеп бойынша алғанда ағаш діңінде қуыстардың болуы 4.2%, шырыш ағу 1.7%-ды құрайды.

Саңырауқұлақпен америка үйеңкісінің 6%-ы (*Acer negundo*) замданған, бұл жалпы зақымданған сүректі ағаштардың 0,3%-ын құрайды. Сонымен бірге скверлер бойынша сүректі өімдіктердің 13%-ы арамсою (*Cuscuta L.*) өсімдігімен зақымданған (сурет 5).



Сурет 5 – Америка үйеңкісіндегі саңырауқұлақ (*Phellinus igniarius*) және кәдімгі сирень өсімдігіндегі арамсою (*Cuscuta L.*)

Рекреациялық аймақтар бойынша ақұнтақ кеселімен жасыл желектердің жалпы есеппен 3.4%-ы (*Populus alba*, *Populus nigra*, *Acer negundo*, *Cotoneaster acutifolius*, *Rosa canina*, *Fraxinus americana*) зақымданған.


Зерттеу әдістемелеріне сәйкес, ретсіз пішіндегі ағаштардың 30%-ына санитарлық кесу, ал бағалау шкласы VI балл деп саналған кеуіп қалған сүректі өсімдіктерді, тірі қоршауларды кесу (алып тастау) және орнына жаңа өсімдікпен алмастыру бойынша кеңес жасақталды.

Қорытындылай келе, М. Мәметова сквері, А.С. Пушкин сквері, Ә. Молдағұлова сквері, Н. Савичев сквері, Ж. Молдағалев сквері бойынша жалпы жасыл желектер саны 825-ті құрайды. Оның 75%-ы ағаштар (618), 25%-ы (207) бұталар. Соның ішінде жиі таралған сүректі өсімдіктер: *Ulmus pumila*, *Populus nigra*, *Acer negundo*, *Picea abies*, *Amelanchier alnifolia*, *Prunus padus*, *Cotoneaster acutifolius* және т.б. Өсімдіктердің жағдайын бақылай келе, жалпы ағаштар мен бұталардың 4.2%-ында діңінде қуыс, 1.7%-нда шырыш ағу, 0.3%-ында саңырауқұлақ (*Phellinus igniarius*), 13%-ында арамсою, 3.4%-ы ақұнтақ кеселіне шалдыққандығы анықталды. Жалпы зерттеу жүргізілген аймақтар бойынша толықтай бақылау жүргізіле отырып, мынадай ұсыныстар дарланды: көгалдандыру мақсатында отырғызылған ағаштар мен бұталарды таңдағанда биологиялық және экологиялық ерекшеліктерді ескеріп, күй талғамайтын және гүлдейтін бұта түрлерін өсіру; көгалдандыруда жасыл желектерді отырғызып ғана қоймай, уақытылы күтім жасау (суару, санитарлық кесу, кесу, тыңайту және т.б.) және орнын алмастыруды ұмытпау керек.

### Әдебиеттер тізімі

Природно - ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно - Казахской области. О, 1998 ж., 110 б. «Орал қаласы әкімдігі Орал қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Орал қаласының саябақтары мен скверлері» МКК (<http://zko-park.kz/index.php?id=253>)

Иванов В. В. Определитель деревьев и кустарников Западного Казахстана. – Вып. 5. – Уральск: Географическое общество союза ССР. Западно-Казахстанский отдел, 1949. – 46 с.



Курбатова А. С. Создание устойчивой системы зеленых насаждений в городе : ландшафтные, инженерные, агротехнические приемы / А. С. Курбатова, С. И. Грибкова. – М.; Смоленск, 2006. – 151 с.

Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты  
[https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy)

Сарсекова Д.Н. «Методика проведения инвентаризации зеленых насаждений городов и населенных мест Республики Казахстан» К государственной программе «Жасыл ел» КНАУ; – Алматы, 2006. – 14-17 б.